

Ақкөл және Целиноград аудандары бойынша Ақмола облысының кейбір елді мекендері мен ауылдық округтерін қайта атау туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № а-13/533 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 4С-19-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 20 қаңтарда № 3346 тіркелді

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селосы», «селолық» деген сөздер «ауылы», «ауылдық» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабына сәйкес, Ақкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 мамырдағы № А-5/135 қаулысы мен Ақкөл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 1 маусымдағы № С-19-6 шешімі, Целиноград ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 шілдедегі № 152, 2009 жылғы 22 шілдедегі № 153 қаулылары және Целиноград аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 136/21-4, 2009 жылғы 22 шілдедегі № 137/21-4 шешімдері негізінде және Ақмола облысы әкімдігінің жанындағы тіл саясаты және ономастика жөніндегі облыстық комиссияның 2009 жылғы 29 маусымдағы, 2009 жылғы 30 қыркүйектегі шешімдеріне байланысты Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. Ақмола облысының келесі елді мекендері мен ауылдық округтерінің атаулары **қ а й т а** **а т а л с ы н :**

1) **Ақкөл ауданы бойынша:**
Урюпин ауылдық округінің Красный Бор ауылы Талқара ауылына;
Искра ауылдық округінің Искра ауылы Қына ауылына;
Искра ауылдық округінің Степок ауылы Қарасай ауылына;
Искра ауылдық округі Қарасай ауылдық округіне.

2) **Целиноград ауданы бойынша:**
Луговое ауылдық округінің Луговое ауылы Тасты ауылына;
Луговое ауылдық округі Тасты ауылдық округіне;
Приозерное ауылдық округінің Приозерное ауылы Родина ауылына;
Приозерное ауылдық округі Родина ауылдық округіне;

2. Ақмола облысы әкімдігінің осы қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен

күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

А.Рау

сессиясының төрағасы

Ақмола облыстық мәслихаты

А.Куликов

мәслихатының хатшысы

Ақмола облыстық

Ө.Мұсабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК